

## Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің бағдарламалық заемін жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 14 тамыздағы N 1258. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасына берілген ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің бағдарламалық заем қаржылық қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру және "Елдегі селоны және агроөнеркәсіп кешенін 1996-1997 жылдары мемлекеттік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2693 Жарлығын U952693\_ (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 38, 489-құжат), "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 U973398\_ Жарлығын (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 12, 77-құжат) және "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың басымдықтары мен аймақтық бағдарламалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 7 шілдедегі N 3589 U973589\_ Жарлығын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.03.17. N 227 қаулысымен. P 9 8 0 2 2 7 \_

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі: Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің келісімімен және "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамының қатысуымен 1997 жылдың 20 тамызына дейінгі мерзімде ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің бағдарламалық заемы екінші траншының қаражатынан несиелендіру үшін басым өндірістердің тізбесін анықтап, қазақ және орыс тілдерінде республикалық баспасөзде жарияласын;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімімен белгіленген заң тәртібінде ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің бағдарламалық заемы екінші траншының қаражатына қызмет ету жөніндегі

жұмыстарына "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамын тарту туралы мәселелерді енгізсін.

3. ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.03.17. N 227 қаулысымен. P980227\_ 4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: "Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің бағдарламалық займын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қаңтардағы N 74 P960074\_ қаулысына: 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "8. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тоқсан сайын есеп беретін тоқсаннан кейінгі айдың 10-на дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне Заемның пайдаланылу барысы туралы есеп беретін болсын"; ЕСКЕРТУ. 4-ші тармақтың 13-15 абзацтары күшін жойды - ҚРҰ-нің 1998.01.28. N 44 қаулысымен. P980044\_ ЕСКЕРТУ. 4-ші тармақтың 3-9, 12-абзацтары күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2000.06.24. N 934 қаулысымен. P000934\_ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі  
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Үкіметінің 1997 жылғы 14 тамыздағы N 1258 қаулысына қосымша

Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі бағдарламалық заемын үйлестіру жөніндегі ведомствоаралық кеңестің ҚҰРАМЫ  
Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -  
Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі, төраға Ақымбеков  
С.Ш. - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Дәмитов Қ.Қ.  
- Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрінің орынбасары ( вице-министр)  
Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары ( вице-министр)  
Сәйденов А.Ғ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары ( келісім бойынша)  
Азимов Р.Ж. - Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасының президенті ( келісім бойынша)  
Мырзахметов А.И. - "Агро-Лизинг" акционерлік қоғамының бас директоры ( келісім бойынша )